

№ 18-10-101
10.04.2024

**Парламент Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палата отырыстарының
«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі,
лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы
Заңының жобасын талқылау қорытындысы бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

2024 жылғы 29 наурызда VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палатаның (бұдан әрі – Палата) отырысы өтті, онда Палата мүшелері «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының (бұдан әрі – заң жобасы) негізгі ережелерін талқылады.

Парламент депутаттары бастамашылық еткен заң жобасын талқылау шеңберінде лудомания мәселелері, оны ауру деп белгілеу және онымен күресу әдістері қаралды.

Палата мүшелері мен отырысқа қатысушылар заң жобасын қабылдау өзекті болып табылады, өйткені ол ойын бизнесі субъектілерінің жұмысын және азаматтардың мүддесі үшін лотерея қызметін реттеуге арналған деген пікір білдірді. Сонымен қатар, ойынға тәуелділікті, сондай-ақ лудоманияның жағымсыз салдарын азайту үшін құқықтық, медициналық-әлеуметтік және түсіндіру шараларын қамтитын мәселені шешудің кешенді тәсілі, сондай-ақ құмар ойындарға патологиялық құмарлыққа ықпал ететін жағдайларды жою қажет.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палата мыналарды **ҰСЫНУДЫ** орынды деп санайды:

Әлеуметтік-мәдени даму комитеті (бас комитет) уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп:

- тәуелділігі бар адамдарға көмек көрсетумен айналысатын жеке оңалту орталықтарының бірыңғай тізілімін құру. Бұл ретте өзін медициналық тұрғыдан көрсетпейтін жеке орталықтардың осы санатын лицензиялау және лицензиядан кейінгі бақылау тетігін әзірлеу қажет;

- «клиникалық психология» мамандығы бойынша білім алушылар үшін аддиктология (мамандандыру) бөлімшелерін құру мүмкіндігін қарастыру;

- балалармен және жастармен өзара іс-қимыл саласында зерттеулер жүргізетін азаматтық қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың сараптамалық әлеуетін пайдалану;

- лудомания бойынша объективті жағдайды көрсететін статистикалық және өзге де қажетті деректерді өзектендіру үшін зерттеу жұмысын жандандыру;

- «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағын (Ойын мекемелеріне, букмекерлік кеңселердің немесе тотализаторлардың кассаларына келудің тәртібі мен ерекшеліктері) мемлекеттік қызметшілерге, квазимемлекеттік сектор менеджментіне, көп балалы ата-

аналарға құмар ойындарға қатысуға тыйым салу туралы нормамен толықтыру туралы ұсынысты қарау;

- құмар ойындар нарығында жұмыс істейтін шетелдік заңды тұлғаларды лицензиялауға заңды түрде тыйым салу. Бұдан басқа, жергілікті құмар ойын операторларына шетелдік брендтермен өнер көрсетуге тыйым салу;

- мобильді операторлар абоненттерінің ойын бизнесінің жарнамалық қызмет көрсететін букмекерлермен жарнамалық қоңырауды шектеу;

- халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, Лудоманиямен күрес жөніндегі ұлттық бағдарламаны әзірлеу;

- лудоманияның алдын алуды, зерттеуді және емдеуді қаржыландыруға ойын бизнесі субъектілерінің салық аударымдарының бір бөлігін көздеу;

- «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында көзделмеген жерлерде ойын жабдықтарын орнату және пайдалану туралы талаптарды сақтамағаны үшін жауаптылық белгілейтін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын бұзу) 445-бабының бірінші бөлігіне толықтыру енгізу;

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 307-бабының бірінші бөлігіне (Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру) ойын мекемесін заңсыз ашқаны не ұстағаны немесе ойын бизнесі саласындағы қызметті заңсыз ұйымдастырғаны, сондай-ақ электрондық казино мен интернет-казино қызметін ұйымдастырғаны үшін жауаптылық Қазақстан Республикасында алынған лицензия болмаған жағдайда туындайтынын нақтылайтын толықтыру енгізу;

- «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (заң жобасына сәйкес) жаңа 6-1-бабының 1-тармағына (Қызметі заңсыз болып табылатын шетелдік ойын бизнесін ұйымдастырушылардың пайдасына төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге тыйым салудың тәртібі мен ерекшеліктері) Қазақстан Республикасында алынған лицензиясыз Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушыларға қатысты екенін нақтылайтын толықтыру енгізу;

- заң жобасынан қызметі заңсыз болып табылатын шетелдік ойын бизнесін ұйымдастырушылардың тізбесін уәкілетті органның жүргізуі туралы «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 1-тармағының (Уәкілетті органның және өзге де мемлекеттік органдардың құзыреті) жаңа 7-7) тармақшасын алып тастау;

заң жобасынан «банктердің мемлекеттік кіріс органына банктік шоттардың болуы және олардың нөмірлері, камералдық бақылау жүзеге асырылатын, қызметі құмар ойындарды ұйымдастыру және бәс тігу болып табылатын заңды тұлғаның шоттарындағы ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді ұсынуы» деген «Банктер және банктік шоттар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабы (Банк құпиясы) 4-тармағының 1-10) тармақшасын алып тастау;

- заң жобасынан заңды тұлғаға қатысты камералдық бақылауды жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік кіріс органдарына құмар ойындарды

ұйымдастыру және бәс тігу болып табылатын заңды тұлғаның және (немесе) оның құрылымдық бөлімшесінің банктік шоттарының болуы және нөмірлері туралы анықтамалар беру туралы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабы (Банк құпиясы) 6-тармағының жаңа 4) тармақшасын алып тастау.

Бұл қазақстандық қаржы жүйесіне деген сенім деңгейін төмендетеді, инвестициялық тартымдылыққа әсер етеді;

- заң жобасынан лотерея операторының бөлімшелері (лотерея орталығы) арқылы лотерея билеттерін тарату (өткізу) туралы «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабы 3-тармағының 4) тармақшасы (Лотерея билеттерін, электрондық лотерея билеттерін таратуға (өткізуге), лотерея терминалдарын орнатуға қойылатын талаптар) алып тастау. Лотерея орталықтары (бұрын - лото клубтары) іс жүзінде жабық тотализатор болып табылады. Олар ұтыстың мөлшерін анықтайтын ұйымдастырушы рөлін атқарады;

- қаражаты бұқаралық спортты, жастар саясатын дамытуға және есірткі мен ойынға тәуелділіктен медициналық емес оңалтуды дамытуға бағытталатын букмекерлік компаниялар үшін қосымша әлеуметтік салық енгізу туралы мәселені қарастыру.

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі жанындағы
Қоғамдық палатаның төрағасы**



А. САРЫМ